

**"Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қаңтардағы № 14 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 маусымдағы № 891 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 ақпандағы № 109 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.02.2013 № 109 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қаңтардағы № 14 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 1, 7-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі туралы ережеде: 1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: «Агенттіктің заңды тұлғалар болып табылатын аумақтық жер инспекциялары б о л а д ы . » ;

1 5 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «1) жер заңнамасын, сондай-ақ геодезия мен картография саласындағы заңнаманы қолдану практикасын қорыту және оларды жетілдіру;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «3) жер қатынастарын, геодезия мен картографияны реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізу;»;

мынадай мазмұндағы 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырысын: «6-1) жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдардың басшыларын тағайындау және қызметтен босату мәселелері бойынша облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл ж а с а у ;

6-2) пайдаланылмайтын не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын жерлерді анықтау және мемлекеттік меншікке қайтару мәселелері бойынша облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл ж а с а у ;»;

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«19) әкімшілік-аумақтық бірліктер арасындағы шекараның өзгерістерін, сондай-ақ жергілікті жердің өзгерістерін және географиялық объектілердің атауларын көрсете отырып, кезекші анықтамалық карта жүргізу;»;

мынадай мазмұндағы 29-1) тармақшамен толықтырылсын:

«29-1) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 65-бабында белгіленген міндеттемелер орындалмаған жағдайда жергілікті атқарушы органдар мен жеке және заңды тұлғалар арасында жасалған уақытша жер пайдалану туралы шарттарды бір жақты тәртіппен бұзу мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;»;

33-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«33-1) геодезиялық және картографиялық қызметті мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;»;

мынадай мазмұндағы 39-1), 39-2), 39-3) және 39-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«39-1) Агенттіктің қарамағындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда қарайды, келіседі және олардың орындалуы жөніндегі есептерді бекітеді;

39-2) Агенттіктің қарамағындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуын бақылау мен талдауды жүзеге асырады;

39-3) Агенттіктің қарамағындағы республикалық қазыналық кәсіпорындар өндіретін және сататын тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) баға белгілейді;

39-4) бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) Агенттіктің қарамағындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар белгілеген бағаларды келіседі;»;

22 - тармақта:

4), 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Агенттіктің штат санының лимиті шегінде Агенттік төрағасымен келіскеннен кейін Агенттіктің, сондай-ақ аумақтық жер инспекцияларының құрылымын және штат санын бекітеді;

5) Агенттік төрағасымен келіскеннен кейін Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері мен оның аумақтық жер инспекциялары туралы ережелерді бекітеді;»

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) Агенттік төрағасымен келіскеннен кейін Агенттіктің департаменттері мен басқармалары басшыларын, аумақтық инспекциялардың басшылары мен

басшыларының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен  
б о с а т а д ы ; » .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК